



Павлодар мемлекеттік педагогикалық
институтының ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
педагогического института

2001 жылдан шығады
Издается с 2001 года

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА

БИОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ КАЗАХСТАНА

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№9077-Ж

выдано Министерством культуры, информации Республики Казахстан

25 марта 2008 года

**Журнал издается 4 раза в год. Публикуются статьи естественно-научного направления
на каз., рус. и англ. языках.**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

**Б.К. Жумабекова, доктор биологических наук
(Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар)**

Ответственный секретарь

**М.Ю. Клименко
(Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар)**

Члены редакционной коллегии

**Н.А. Айтхожина, доктор биологических наук, профессор
(Институт молекулярной биологии им. М.А. Айтхожина МОН РК, г. Алматы)**

**К.У. Базарбеков, доктор биологических наук, профессор
(Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар)**

**И.О. Байтулин, доктор биологических наук, академик НАН РК
(Институт ботаники и фитоинтродукции МОН РК, г. Алматы)**

**В.Э. Березин, доктор биологических наук, профессор
(Институт микробиологии и вирусологии МОН РК, г. Алматы)**

**Р.И. Берсимбаев, доктор института, клеточной биологии и биотехнологии,
зав. лабораторией молекулярной генетики (ЕНУ им. Л.Н. Гумилева)
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы)**

**А.Г. Карташев, доктор биологических наук, профессор
(Томский университет систем управления и радиоэлектроники, г. Томск)**

**С. Мас-Кома, доктор биологических наук, профессор
(Университет Валенсии, Испания)**

**Ж.М. Мукатаева, доктор биологических наук
(Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар)**

**М.С. Панин, доктор биологических наук, профессор, академик РАН
(Семипалатинский государственный педагогический институт, г. Семей)**

**И.Р. Рахимбаев, доктор биологических наук, профессор
чл.-корр. НАН РК (Институт физиологии,
генетики и биоинженерии растений МОН РК, г. Алматы)**

**А.В. Суров, доктор биологических наук
(Институт проблем экологии и эволюции им. А.Н. Северцова РАН, г. Москва, Россия)**

**Н.Е. Тарасовская, доктор биологических наук
(Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар)**

**Ж.К. Шаймарданов, доктор биологических наук, профессор
(Восточно-Казахстанского государственный технический университет
им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск)**

Технический секретарь

Г.С. Салменова

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и дискеты не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Биологические науки Казахстана» обязательна.

МАЗМҰНЫ

ГЕНЕТИКА

М. Қанжігітова А.Е. Қыдырбаева Г.Ж. Турметова	<i>Алқа тұқымдастырының мәдени туыстарында кездесетін гомологиялық өзгергіштік белгілерін сараптау</i>	6
---	--	---

МИКРОБИОЛОГИЯ

А.К. Убайдуллаева К.К. Байтурсинов А.А. Мустафаева Г.Н. Асанова	<i>Микроагзалардың күкірт қосылыстарын тотығу – тотықсыздандыру механизмін аңықтау</i>	11
--	--	----

А.К. Убайдуллаева К.К. Байтурсинов А.А. Мустафаева Г.Н. Асанова	<i>Металл қосылыстарын өзгеріске ұшыратушы микроагзалардың ролі</i>	16
--	---	----

ЗООЛОГИЯ

В.Т. Айрапетян А.Дж. Минасян Э.Г. Явруян	<i>Арцах фаунадағы ұзын-тілді ақ тісті жертесер <i>srocidura guldenstaedti pallas</i>, 1811 экология және қандық көрсеткіштері</i>	21
--	--	----

К.У. Базарбеков Н.Е. Тарасовская Л.Т. Булекбаева	<i>Павлодар облысындағы дала аймағындағы (<i>ondata zibethica</i>) ондатраның кейбір биологиялық мәселелері</i>	30
--	---	----

К.У. Базарбеков Н.Е. Тарасовская М.Т. Макашева	<i>2017 жылғы Павлодар қаласының оңтүстік-шығыс шектерінде сауысқанның ұялауының ерекшеліктері және ұрпақтың саны</i>	38
--	---	----

КРАТИЕ СООБЩЕНИЯ

М.А. Чайзабекова Д.К. Жумабекова	<i>Мультиорган донорлық әлеуметтік құбылыс ретінде</i>	49
-------------------------------------	--	----

МЕТОДОЛОГИЯ

А.Т. Жахина А.Т. Түймебаева Т.А. Смакотина Т.С. Кучера	<i>Қазақстанның өркендеуінде маңызды орын алатын көп тілдік білім стратегиясы</i>	56
---	---	----

З.Т. Айдарханова А.К. Ахметова Г.А. Шаикова У.О. Тусуппаева	<i>Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде биология сабағы бойынша әдістемелік бойынша тәжірибе</i>	62
--	--	----

ЭКОЛОГИЯ

В.Т. Седалищев В.А. Однокурцев	<i>Оңтүстік-батыс якутиядағы остромодтық бақалардың (<i>rana arvalis, nilson, 1842</i>) экологиялық ерекшеліктері</i>	67
-----------------------------------	---	----

Б.Б. Габдуллаева Л.В. Резник Г.К. Даржуман Н.П. Корогод	<i>Павлодар облысының экология жай-күйі</i>	76
--	---	----

ВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР		83
--	--	----

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР	<i>«Қазақстанның биологиялық ғылымдары» авторларға арналған ережелері</i>	89
---	---	----

СОДЕРЖАНИЕ

ГЕНЕТИКА

- М. Канжигитова**
А.Е. Кыдырбаева
Г.Ж. Турметова *Изучение признаков гомологичной изменчивости, встречающихся у культурных представителей семейства пасленовых* **6**

МИКРОБИОЛОГИЯ

- А.К. Убайдуллаева**
К.К. Байтурсинов
А.А. Мустафаева
Г.Н. Асанова *Изучение механизма участия соединений серы в окислительно-восстановительных реакциях в микроорганизмах* **11**

- А.К. Убайдуллаева**
К.К. Байтурсинов
А.А. Мустафаева
Г.Н. Асанова *Роль соединений металлов в микроорганизмах* **16**

ЗООЛОГИЯ

- В.Т. Айрапетян**
А.Дж. Минасян
Э.Г. Явруян *Экология и показатели крови длиннохвостых белозубок *crocidura guldenstaedti pallas, 1811*, в фауне арцах* **21**

- К.У. Базарбеков**
Н.Е. Тарасовская
Л.Т. Булкбаева *Некоторые вопросы биологии ондатры (*ondata zibethica*) в степной зоне Павлодарской области* **30**

- К.У. Базарбеков**
Н.Е. Тарасовская
М.Т. Макашева *Особенности гнездования и численность потомства у сороки на юго-восточных окраинах города Павлодара в 2017 году* **38**

КРАТКИЕ СООБЩЕНИЯ

- М.А. Чайзабекова**
Д.К. Жумабекова *Мультиорганное донорство как социальное явление* **49**

МЕТОДОЛОГИЯ

- А.Т. Жахина**
А.Т. Туймебаева
Т.А. Смакотина
Т.С. Кучера *Полязычное образование как важнейшая стратегия развития Казахстана* **56**

- З.Т. Айдарханова**
А.К. Ахметова
Г.А. Шаикова
У.О. Тусуппаева *Опыт методической разработки урока по биологии в рамках обновления содержания образования* **62**

ЭКОЛОГИЯ

- В.Т. Седалищев**
В.А. Однокурцев *Экологические особенности остроумной лягушки (*rana arvalis, nilson, 1842*) юго-западной Якутии* **67**

- Б.Б. Габдулхаева**
Л.В. Резник
Г.К. Даржуман
Н.П. Корогод *Состояние экологии Павлодарской области* **76**

- СВЕДЕНИЯ
ОБ АВТОРАХ** **83**

- ПРАВИЛА ДЛЯ
АВТОРОВ** *Правила для авторов журнала «биологические науки Казахстана»* **89**

CONTENTS

GENETIKY

- M. Kanzhigitova
A.E. Kydyrbaeva
G.Zh. Turmetova
- Study of homological variability of cultural representatives of solanaceous* 6

MICROBIOLOGY

- A.K. Ubaidullaeva
KK Baytursinov
A.A. Mustafaeva
G.N. Asanova
- Study of the mechanism of participation of sulf connections in oxidative-restorative reactions in microorganisms* 11

- A.K. Ubaidullaeva
KK Baytursinov
A.A. Mustafaeva
G.N. Asanova
- The role of metal compounds in microorganisms* 16

ZOOLOGY

- V.T. Hayrapetyan
A.D. Minasyan
E.G. Yavrouyan
- Ecology and indicators of blood crocidura guldenstaedti pallas, 1811, in fauna of artsakh* 21

- K.U. Bazarbekov
N.E. Tarassovskaya
L.T. Bulekbaeva
- Several problems of musk rat (Ondatra zibethica) biology in steppe zone of Pavlodar region* 30

- K.U. Bazarbekov
N.E. Tarassovskaya
M.T. Makasheva
- Peculiarities of nestling and progeny quantity on the magpie on south-eastern outskirts of Pavlodar city*

SHORT REPORTS

- M.A. Chayzabekova
D.K. Zhumabekova
- Multi orthotic donation as a social phenomenon* 38

- Physiological aspects of expression of genes - milk produce candidates* 49

METODOLOGY

- A.T. Zhakhina
A.T. Tuymeeva
T.A. Smakotina
T.S. Kuchera
- Multicultural education as the most important strategy of kazakhstan development* 56

- Z.T. Aidarkhanova
A.K. Akhmetova
G.A. Shaikova
U.U. Tusupbaeva
- Experience in the methodological development of a lesson in biology as part of updating the content of education* 62

EKOLOGY

- V.T. Sedalischev
V.A. Odnokurtsev
- Ecological features of the moor frog (rana arvalis nilson, 1842) in south-western yakutia* 67

- B.B. Gabdulhaeva
L.V. Reznik
G.K. Darzhuman
N.P. Korogod
- The state of the environment in pavlodar region* 76

ВТОРЛАП ТУРАЛЫ

83

МӘЛІМЕТТЕР

- GUIDELINES FOR AUTHORS**
- Order of reviewing of articles of the magazine Review Format* 89

УДК: 582.951

**АЛҚА ТҰҚЫМДАСТЫРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТУЫСТАРЫНДА
КЕЗДЕСЕТІН ГОМОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРГІШТІК
БЕЛГІЛЕРІН САРАПТАУ**

М. Қанжігітова, А.Е. Қыдырбаева

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

Г.Ж. Турметова

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

Аңдатпа

Осы мақала Алқа тұқымдастарының мәдени туыстарында кездесетін гомологиялық өзгергіштік белгілерін сараптау жұмыстарын жүргізу кезінде алынған нәтижелерге арналып отыр. Зерттеу жұмысына осы тұқымдастың бес түрі алынды.

Жалпы алқа тұқымдастарына жататын (баклажан, томат, қара алқа, бұрыш, картоп) сияқты мәдени туыстарының гомологиялық қатар түзбейтін негізінен 10 белгісі анықталды. Анықталған гендері бойынша алқа тұқымдастарын зертханалық жағдайда өсіріліп, оны егістік алқапқа отырғызылды. Гендер шартты белгілермен белгіленді.

Алынған нәтижелер кестеге түсірілді, белгілі ретпен орналастырылды, тегі жақын екінші түрді онымен салыстырып қараса, осы екінші түрдегі топтарда да белгілердің өзгергіштігі бірінші топтағымен ұқсас болатынын, яғни жалпы жүйедегі организм түрлері мен туыстар тегі жағынан қаншалықты жақын болса, олардың өзгергіштігі де соншалықты ұқсас болатындығы анықталды

Түйінді сөздер: алқа тұқымдасы. Гомологиялық өзгергіштік, генотип, белгі

Ген – материалдық бөлшек болғандықтан ұрпаққа берілгенде жойылып кетпейді, қайта әр ұрпақ сайын клетканың бөлінуі барысында өзіне ұқсас гендерді жасап отырады. Демек, дамуы онымен байланысты белгілер де жойылып кетпейді.

Алқа тұқымдастарына жататын мәдени туыстардың фенотиптік белгілері бойынша зерттеу нәтижесінде олардың хромосома жұбын және гендері анықталды. Алқа тұқымдастарына жататын (картоп, бұрыш, қара алқа, томат, баклажан) мәдени туыстарына жеке-жеке сипаттама бере отырып, өзара ұқсас белгілерін көруге болады [1].

Қара алқа өсімдігінің сабағы ағаштанған бұталы берік болып, тарамдалып тік өседі. Сабағы жуан болады. Алқа тұқымдастарына жататын туыстардың жемісі жидек және қауашақты, мәдени туыстарының жемісі жидекті болады .

Томат көп сабақты бұта. Бұталы түрлерінің сабақтары айтарлықтай берік болады. Томаттың сабағы тікенекті, қатты және ағаштанған. Өсімдіктің биіктігі

8 метрге дейін жетеді. Сабағының ұзындығы 40-80 см-ге, ал кейбір сұрыптарында 30-60 см болады. Сабақтың жуандығы томатта жуан, түсі жасыл болады. Ал сабағының ұзындығы ұзын және бұталы түрлерінде қысқа болады.

Осы белгілерін салыстыра отырып, барлық туыстарында кездесетін белгілері бойынша гомологиялық қатарын

құрадық. Сабағының құрылысы бойынша бес туыста да ағаштанған, бұталы және жасыл түсті. Баклажанның сабағының түсі ерекше күлгін болатын түрлері де бар. Қалған туыстарында мұндай белгілер байқалмайды. Сабақтары ұзын және қысқа болады. Осы аталған белгілері бойынша гомологиялық қатарды құрайды [2].

Кесте 1. Алқа тұқымдастарының туыстарындағы гомологиялық өзгеріштік белгілері

№	Туыстарының гомологиялық белгілері	Баклажан	Қара алқа	Томат	Картоп	Бұрыш
1	Сабақ:	+	+	+	+	+
	ағаштанған	+	+	+	+	+
	бұталы	+	+	+	+	+
2	Түсі:	+	+	+	+	+
	жасыл	+	+	+	+	+
3	Ұзындығы:	+	+	+	+	+
	ұзын	+	+	+	+	+
	қысқа	+	+	+	+	+
4	Жапырақ:	+	+	+	+	+
	бүтін	+	+	+	+	+
5	Пішіні:	+	+	+	+	+
	жұмыртқа тәрізді	+	+	+	+	+
	сопақша тәрізді	+	+	+	+	+
	қалақша тәрізді	+	+	+	+	+
6	Түсі:	+	+	+	+	+
	жасыл	+	+	+	+	+
7	Жемісі:	+	+	+	+	+
	жидек	+	+	+	+	+
8	Түсі:	+	+	+	+	+
	жасыл	+	+	+	+	+
9	Пішіні:	+	+	+	+	+
	шар тәрізді	+	+	+	+	+
10	Көлемі:	+	+	+	+	+
	оргаша	+	+	+	+	+
	ұсақ	+	+	+	+	+
11	Жемістің піскіштігі:	+	+	+	+	+
	оргаша	+	+	+	+	+
	кеш	+	+	+	+	+

Жапырақ алақанының пішініне қарай сағақты жапырақтар томат пен бұрышта, қара алқа жапырақтары тілімденген болып келеді. Барлығында жапырақ таңбасы бүтін болады. Жапырақ пішініне тоқталатын болсақ, бәрінде де жұмыртқа тәріздес, сопақша және қалақша тәрізді болады екен. Тұтас жапырақтыларына баклажан, қара алқа және бұрыш жатады.

Томат пен картопта тұтас тақта кездеспейді, олардың жапырақтары күрделі және жай болып келетін сұрыптары кездеседі. Барлық туыстарында жасыл түсті болады. Қауашақты жемістері жоқ. Бұрыштың жемісі жалған қуыс денелі жидек. Жемістерінің түсі қара алқа, томат, бұрышта жасыл болады. Баклажан мен картопта жасыл түсті жемістері де кездеседі. Жемістерінің пішіні шар тәрізді болады.

Сондай-ақ баклажанда, томатта, бұрышта жемістерінің пішіні тек шар тәрізді емес, жалпақ жұмыртқа тәрізді, цилиндр тәріздес, алмұрт тәрізді және ұзынша алмұрт тәріздес пішінділері кездеседі.

Қара алқа мен картопта тек шар тәрізді болады. Жемістерінің көлемі орташа және ұсақ пішінде болады. Ірі жемістіге баклажан, томат, картоп және бұрыш жатады. Қара алқаның ірі жемістері болмайды. Алқа тұқымдастарының бәріне тән белгі жеміс қабығы тегіс. Жемістерінің піскіштігі жөнінен орташа мерзімде және тез пісетін болып келеді. Биіктігі бойынша биік, орташа және қысқа болып келеді [3, 98-103 б].

Баклажан, қара алқа, томат және картоп пен бұрыштың тұқымдары дөңгелек және тегіс пішінде болса, сонымен қатар, бүйрек тәрізді тұқымдар баклажан, томат пен бұрышта кездеседі. Керісінше, қара алқа мен картопта кездеспейді. Сондықтан бұл белгісі бойынша гомологиялық қатар түзбейді.

Жалпы алқа тұқымдастарына жататын (баклажан, томат, қара алқа, бұрыш, картоп) сияқты мәдени туыстарының гомологиялық қатар түзбейтін негізінен 10 белгісін анықтадық.

Анықталған гендері бойынша алқа тұқымдастарын зертханалық жағдайда өсіріліп, оны егістік алқапқа отырғызылды. Мысалы, фенотиптік белгісі – сабағы ағаштанған болса, оларды AL-гендері анықтайды. Мах гені II-ші хромосома жұбында орналасып, сабақтарының бұталылығын анықтайды. В гені сабақтарының түсі жасыл екендігін көрсетеді. Ол 4-ші хромосома жұбында орналасады. Си 2 гені кездесетін болса, онда сабағы ұзын болып I-ші хромосомада орналасады. Жапырағының пішіні жұмыртқа тәрізді сопақша тәрізді және қалақша тәрізділігін J Lg4 ге 2 және als гендері арқылы анықталады. Mt 2-гендері III-ші хромосома жұбында орналасып алқа тұқымдастардың жемісінің пішіні шар тәрізділігін анықтайды. (tr) G-гендері – III хромосомада орналасса, онда жемістерінің піскіштігі орташа болғаны. Ал, V-гені болса II-ші хромосома жұбында жемістері кеш піседі. Yst-гені бойынша – IV хромосо-

мада жеміс қабығы – тегіс болады. Е-гені бойынша III-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың тұқымдары дөңгелек тәрізді болып келеді. vi-гені бойынша I-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың тұқымдары тегіс пішінді болып келеді. С-гені бойынша I-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың биіктігі ба-рынша ұзын әрі биік болады. Li-гені бойынша I-ші хромосомада орналаса-

тын болса, онда алқа тұқымдастардың биіктігі орташа аласа болып келеді. Ал, керісінше min-гені бойынша III-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың биіктігі қысқа болып келеді. Е-гені бойынша III-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың тұқымдары дөңгелек тәрізді болып келеді. vi-гені бойынша I-ші хромосомада орналасатын болса, онда алқа тұқымдастардың тұқымдары тегіс пішінді болып келеді.

Кесте 2. Алқа тұқымдас өсімдіктердің тұқым қуалау өзгергіштігінің гомологиялық қатары

Гендердің символы	Хромосома жұбы	Фенотип (көзге түсетін белгілері)
AL	III	Сабағы ағаштанған
max	II	Сабағы бұталы
B	IV	Түсі жасыл
Cu 2	I	Сабағы ұзын
G	I	Сабағы қысқа
Y (cer)	III	Жапырағы бүтін
J	II	Жапырағының пішіні жұмыртқа тәрізді
Lg4 re 2	IV	Жапырағының пішіні сопақша тәрізді
als	II	Жапырағының пішіні қалақша тәрізді
Btl	IV	Жапырағының түсі жасыл
gp	II	Жемісі жидек
gs	III	Жемісінің түсі жасыл
I	II	жасыл
mt 2	III	Жемісінің пішіні шар тәрізді
pau	II	Жемісінің көлемі орташа
r	IV	Жемісінің көлемі ұсақ
(tr) G	III	Жемістің піскіштігі- орташа
V	II	Жемістің піскіштігі -кеш
yst	IV	Жеміс қабығы - тегіс
e	III	Тұқымы дөңгелек
vi	I	Тұқымы тегіс
c	I	Өсімдіктің биіктігі-биік
Li	I	Өсімдіктің биіктігі-орташа
min	III	Өсімдіктің биіктігі-қысқа

Ол организмнің бір түріне немесе туысына жататын топтарды кестеге түсіріп, белгілі ретпен орналастырып, тегі жақын екінші түрді онымен салыстырып қараса, осы екінші түрдегі топтарда да белгілердің өзгергіштігі бірінші топтағымен ұқсас болатынын, яғни жалпы жүйедегі организм түрлері мен туыстар тегі жағынан қаншалықты жақын болса, олардың өзгергіштігі де соншалықты ұқсас болатындығы анықталды (2-кесте).

Жалпы алқа тұқымдастарының мәдени туыстары бойынша сипатталған белгілері тұқым қуалайтын өзгергіштіктің гомологиялық қатарын құрайды. Қорыта келгенде, алқа тұқымдастарында 24 ген кездесетіндігі фенотиптік белгілері арқылы анықталды.

Әдебиет

1. Гареев Р.Г. и др. Семеноводство на оздоровительную мерисистемную основу. Ж. Картофель и овощи №1, 2011 г. с. 9-10.
2. Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов Қ.Қ. Генетика. – Алматы, Қазақ университеті баспасы, 2009. 123-128 б.
3. Стамбеков С.Ж.. Жалпы генетика. – А.: 1993. 98-103 б.

Изучение признаков гомологичной изменчивости, встречающихся у культурных представителей семейства пасленовых

Аннотация

Эта статья посвящена результатам, полученным при изучении признаков гомологичной изменчивости, встречающихся у культурных представителей пасленовых. Пять видов этого вида были получены из исследования.

Общее отношение к семейству (баклажан, помидор, черный перец, картофель), а также культурным родственникам определено 10 признаков. Согласно выявленным генам, растения выращивались в лабораторных условиях и высаживались на поле. Гены отмечены обычными маркерами.

Полученные результаты занесены в таблицу, размещены в определенном порядке, представлены в сравнении, во второй группе признаки соотношены аналогично первой, то есть показано, насколько близки виды, настолько близки их признаки.

Ключевые слова: Гомологическая летучесть, генотип, отметка

Study of homological variability of cultural representatives of solanaceous

Summary

This article is devoted to the results obtained in studying the signs of homologous variability encountered in the cultural representatives of Solanaceae. Five species of this species were obtained from the study.

The general attitude to the family (eggplant, tomato, black pepper, potatoes), as well as cultural relatives identified 10 signs. According to the identified genes, the plants were grown under laboratory conditions and planted on the field. Genes are marked with normal markers.

The results are listed in the table, placed in a certain order; presented in comparison, in the second group, the signs are correlated similarly to the first, that is, how close the species are, so close are their signs. Түйінді сөздер: алқа тұқымдасы. Гомологиялық өзгергіштік, генотип, белгі

Key words: Homological volatility, genotype, estimate

УДК: 579.222.3

МИКРОАҒЗАЛАРДЫҢ КҮКІРТ ҚОСЫЛЫСТАРЫН ТОТЫҒУ – ТОТЫҚСЫЗДАНДЫРУ МЕХАНИЗМІН АҢЫҚТАУ

А.К. Убайдуллаева, К.К. Байтурсинов, А.А. Мустафаева, Г.Н. Асанова
Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.

Аңдатпа

Осы мақала микроағзалардың күкірт қосылыстарын тотығу-тотықсыздану реакцияларына қатысу механизмін анықтауға арналып отыр. Бактериялардың сульфат қосылыстарын күкіртсутегіге дейін тотықсыздандыру қабілеттілігін зерттеу жұмыстары кезінде барысында авторлар тобы жасаған тәжірибеде *Escherichia coli* 8-12 мг/л, *Bacillus brevis* 2-5 мг/л, *Citrobacter freundii* – 18 мг/л, *Citrobacter freundii* 8-18 мг/л, *Sarcina ventriculi* – 14 мг/л, *Enterobacter aerogenes* – 15 мг/л, *Bacillus subtilis* – 15 мг/л мөлшерінде H_2S пайда еткендігін анықтады. Яғни, ажыратып алынған микроағзалардың штамдары аэробты жағдайда – етті-пептонды агар қоректік ортасында өсіп, факультативті-анаэробты жағдайда Гильтая қоректік ортасында – нитраттарды тотықтырады, облигатты анаэробты жағдайда Штурм қоректік ортасында – сульфатты тотықсыздандыру қабілеттілігіне ие, сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген бактериялар нитраттар мен сульфаттарды электрон акцепторы ретінде пайдалана отырып, диссимиляторлық нитратредукция процесін әртүрлі жолмен жүзеге асырады.

Түйінді сөздер: микроағза, тотығу-тотықсыздану, трансформация, аэробты жағдай, анаэробты жағдай

Микроағзалардың элементтерді трансформациялау мәселесін үйрену жер бетіндегі геохимиялық заңдылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді. Микроағзалар табиғатта заттар айналымына қатыса отырып, олар күрделі органикалық заттарды минералды жай заттарға айналдырады да, өсімдіктің пайдалануына жарамды етеді [1].

Табиғаттағы заттар айналымындағы тотығу-тотықсыздану реакциясы ортаның жағдайына және бактериялардың физиологиялық қасиетіне байланысты өзгеріп отырады. Күкірттің әртүрлі қосылыстарының айналымында тотығу және тотықсыздану айналымындағы микроағзалардың қатысы ертеден бері зерттелуде [1].

Күкірт қосылыстарын өзгеріске ұшыратушы бактериялар факультативтік-анаэробты және облигатты анаэробты жағдайда тіршілік ету қабілеттілігіне ие және күкіртсутекпен сульфат қосылыстарын тотықсыздандыру арқылы усыз күйіне айналдыру қасиеттерін практикада пайдалану мүмкіндігі бар .

Қазіргі кезде микроағзалардың тотығуы тек аэробты жағдайда, ал тотықсыздандыру реакциясы нәтижесінде

пайда болған сульфатредукция процесі – тек анаэробты жағдайда жүзеге асуы туралы көзқарастар мүлдем өзгерді, себебі кейбір микроағзалар қоректік органың құрамы мен өсу ортасындағы жағдайларға байланысты бактерия метаболизмінің өнімдерімен өзара әсер етісіп, тотығу-тотықсыздану реакцияларын жүзеге асырады [2].

Микроағзалардың көмегімен жүретін тотықсыздану реакциясы үлкен практикалық маңызға ие, себебі микробиологиялық процестер сыртқы қоршаған ортаны элементтердің улы иондарынан тазалауда қолданылады. Кейбір элементтердің тотықсызданған формасы тотыққан формаларына қарағанда улылығы төмен болады.

Күкірт бактериялары табиғатта кең тараған. Олар тірі ағзалардың цитоплазмасында, ақпайтын суларда, бұлақтарда және дымқыл топырақта көп кездеседі. Күкірт қосылыстарын тотықсыздандырушы бактериялардың жалпы 41 түрі белгілі және олардың барлығы эукариоттар. Күкірт қосылыстарын өзгеріске ұшыратушы микроағзалар *Desulfovibrio*, *Thiobasillus*, *Beggiatoa* туыстарына жатады.

Табиғатта күкірттің тотығу-тотықсыздану реакцияларында көп микроағзалар қатысады. Микроағзалардың көмегімен болатын бұл процестердің механизмін білу өте маңызды. Себебі қоршаған ортаны күкірттің улы қосылыстарынан тазалауды реттеуде қолдануға болады [5].

Микробиологиялық процестің нәтижесінде топырақта немесе суда пайда болған күкіртсутегі тірі ағзалады уландырады. Өсімдік қалдықтары мен жануарлар өлекселері ыдыраған кезде, олардан күкірт H_2S түрінде бөлінеді. Топырақта түрлі биологиялық процестер әсерінен пайда болған сутегі құрамында күкірті бар амин қышқылдарын тотықсыздандырады да күкіртсутегін түзеді. Сонымен қатар, күкіртсутегі күкірт және күкіртті қышқылдар тұздарының сутегі ионының тотықсыздандырғыш әрекеті нәтижесінде пайда болады. Мұндай тотықсыздану қабілеті, әсіресе күкірт бактерияларынан байқалады. Олардың негізгі өкілдерінің біріне *Spirillum desulfuricans* жатады. Олар құрамында органикалық қышқылдар мен спирттер бар ортада жақсы өніп-өседі және күкірт қышқылының тұздары – сульфаттарды оңай тотықсыздандырады. Бұл процесс ауасыз жерде өте қарқынды жүреді. Күкіртсутегінің біртіндеп жиналуы нәтижесінде мұндай орталарда тіршілік тоқталады [4].

Микроағзалар бір қалыпты тіршілік ету үшін күкіртсутегінің күкірт қышқылына дейін тотығуы қажет. Сонда күкіртсутегінің улылық қасиеті жойылып, ағзаларға сіңімді қосылыс түріне айналады. Бұл процесс табиғатта үздіксіз жүріп жатады. Оған тион және күкірт бактериялары қатысады. Тион бактерияларының тек күкіртсутегі емес, сонымен қатар, күкірттің кейбір

қосылыстарын, яғни молекула күйіндегі күкіртті тотықтыра алатын қабілеті бар.

Күкірт бактерияларының күкіртсутекті тотықтыруы екі сатыда жүреді. Алдымен күкіртсутек молекула күйіндегі күкіртке дейін тотығады да, ол тамшы түрінде клетка цитоплазмасына жиналады. Ал, екінші сатыда молекулалы күкірт оттегінің әсерінен күкірт қышқылына дейін тотығады [3].

Сульфат қосылыстарын тотықсыздандырушы бактериялар табиғатта анаэробты зоналарда кең тараған және күкіртсутегінің негізгі өнімі болып есептеледі. Бактериальды сульфатредукция күкірт айналымындағы және анаэробты жағдайда органикалық қосылыстардың минералдануындағы негізгі геохимиялық факторлардың бірі болып табылады [5].

Осы кезге дейін сульфат қосылыстарын тотықсыздандырушы бактериялар электронның соңғы акцепторы ретінде тек сульфат пен басқа күкіртті қосылыстарды (тиосульфат, сульфит, күкірт) пайдаланады деген болжам болса, қазіргі кезде біраз сульфат қосылыстарын тотықсыздандырушы бактериялар нитраттарды да диссимиляциялық жолмен аммонийге дейін тотықсыздырғандығы белгілі болды. Нитраттардың сульфаттың орнын ауыстыра алатындығы *D.propionicus*, *D.desulfuricans*, *D.pigra*, *D.catecholicum* бактерияларында анықталды. Күкірт қосылыстарын өзгеріске ұшыратушы микроағзалар сульфат қосылыстары бар

кезде де, жоқ кезде де сонымен қатар нитрат қосылыстарын да тотықсыздандыра алады. *Desulfovibrio* sp. нитраттарды аз мөлшердегі сульфаты бар ортада тотықсыздандырады [6].

Табиғи экосистемадағы аэробты және анаэробты зоналарда пайда болған сульфидтер тионды және т.б. бактериялардың көмегімен жүзеге асады. Кейбір сульфаттотықсыздандыратын бактериялар сульфаты жоқ ортада ашу процесі есебінен тіршілік етеді [8].

Сульфатты тотықсыздандырушы немесе сульфатредукция процесін жүзеге асыратын бактериялар сульфатты диссимиляциялық жолмен күкіртсутегіге дейін тотықсыздандырады және сульфаты бар анаэробты биотоптарда ең маңызды аралық буын болып табылады [7].

Күкірт бактерияларының табиғаттың әр түрлі субстраттарында таралуы мен оның қосылыстарын тотықтырушы және тотықсыздандырушы, сонымен қатар, бактерия себінділерінің аэробты және факультативті-анаэробты жағдайда өсу қабілеттілігін, ал анаэробты жағдайда сульфат қосылыстарын тотықсыздандыру жағдайын үйрену үшін, Қазақстанның әр түрлі субстраттарынан – су, балшық, тұзды тақыр топырақ және т.б. биотоптардан үлгі алдық. Бактерияларды анықтау үшін жалпы микробиологиялық әдістерден пайдаландық.

Бактериялар облигатты анаэробты жағдайда сульфаттарды тотықсыздан-

дыру қабілеттілігіне ие. Күкірт қосылыстарын тотықсыздандырушы микроағзалардың таза себінділерін ажыратып алу үшін ЕПА ортасынан пайдаландық. Ал, олардың факультативті-анаэробты жағдайда өсуін Гильтая және анаэробты жағдайда тіршілік ете алу қабілеттілігін Штурм қоректік ортасында тәжірибе жүргізу арқылы бақылады. Бактерия клеткаларының өсуін спектрофотометрдегі өсу тығыздылығының көрсеткіштеріне негізделіп бақылады. Бактериялар термостатта 280 °С температурада өсірілді. Микроағзалардың себінділері аэробты жағдайда ет-пептонды агарлы (ЕПА) қоректік ортада, факультативті-анаэробты жағдайда нитратты қоректік ортада (Гильтая) және анаэробты жағдайда сульфатты қоректік ортада (Штурм, Постгейт) өсу мүмкіндігіне ие болды. Бактерия себінділері анаэробты жағдайда сульфаты бар қоректік ортада дамыған кезінде күкіртсутегінің жағымсыз иісі, пробирканың қабырғасында қара дақтар мен түбінде қара тұнба пайда болды. Күкіртсутекті бөлетін бактерия колониясының сыртында сұр, қара аймақтар пайда болып, ол күкіртті қышқыл қорғасын тұздары екендігі анықталып, бұл сульфатредукция процесінің белгісі болып табылады. Гетеротрофты бактериялардың өсуі мен сульфатты қосылыстардың өзгерісін, яғни тотықсызданғанын күкіртсутектің жағымсыз иісі мен қоректік ортада қара түсті колониялардың (темір сульфиді қосылғандықтан) пайда болуынан байқа-

дық. Күкіртті сутегінің мөлшері иодометриялық жолмен гипосульфитпен титрлеу арқылы анықталды.

Бактериялардың сульфат қосылыстарын күкіртсутегіге дейін тотықсыздандыру қабілеттілігін зерттеу кезінде біз жасаған тәжірибеде *Escherichia coli* 8-12 мг/л, *Bacillus brevis* 2-5 мг/л, *Citrobacter freundii* – 18 мг/л, *Citrobacter freundii* 8-18 мг/л, *Sarcina ventriculi* – 14 мг/л, *Enterobacter aerogenes* – 15 мг/л, *Bacillus subtilis* – 15 мг/л мөлшерінде H_2S пайда еткендігін байқадық.

Қорыта келе, ажыратып алынған микроағзалардың штамдары аэробты жағдайда – етті-пептонды агар қоректік ортасында өсіп, факультативті-анаэробты жағдайда Гильтая қоректік ортасында – нитраттарды тотықтырады, облигатты анаэробты жағдайда Штурм қоректік ортасында – сульфатты тотықсыздандыру қабілеттілігіне ие, сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген бактериялар нитраттар мен сульфаттарды электрон акцепторы ретінде пайдалана отырып, диссимиляторлық нитратредукция процесін әртүрлі жолмен жүзеге асырады.

Әдебиет

1. Fitz H., Cypionka H. Formation of thiosulfate and trithionate during sulfite reduction by *Besulfovibrio desulfuricans* // *Forum Microbiol.* – 2000. – V.13. – №1-2. – P.70.
2. Iizuka H., Okazaki H., Seto N. A new sulfate-reducing bacterium isolated from Antarctica // *J.Gen.Appl.Microbiol.* – 2006. – V.15. – No II. – P.63.
3. Lettle A. Soil heterotrophic bacteria in transformations of inorganic sulfur // *Folia microbiol.* – CSSR. – 2004. – V.29. – No 2. – P.131-137.

4. Вайнштейн М.Б., Гоготова Г.И. Влияние окислительно-восстановительного потенциала среды на образование сероводорода сульфатредуцирующими бактериями // Микробиология. – 1987. – т.56. – В.1. – С. 31-35.

5. Иванов М.В. Роль микроорганизмов в образовании сероводорода // Роль микроорганизмов в круговороте газов в природе. – М.: Наука, 1979. – с.114-130.

6. Розанова Е.П., Назина Т.Н. Современные представления о сульфатвосстанавливающих бактериях // В сб. «Хемосинтез». – М.: Наука, 1989а. – С. 199-228.

7. Розанова Е.П., Назина Т.Н. Сульфатвосстанавливающие бактерии (систематика и метаболизм) // Успехи микробиологии. – Москва, 1998б. – №23. – С.191-226.

8. Lettle A. Soil heterotrophic bacteria in transformations of inorganic sulfur // Folia microbiol. – CSSR. – 1984. – V.29. – No 2. – P.131-137.

Изучение механизма участия соединений серы в окислительно-восстановительных реакциях в микроорганизмах

Аннотация

Эта статья посвящена механизму участия соединений серы в окислительно-восстановительных реакциях в микроорганизмах. Изучение бактериального сокращения сульфата до сероводородных соединений работе группы авторов во время тренировки на 8-12 мг/л кишечной палочки, *Bacillus Brevis* 2-5 мг/л, *Citrobacter freundii* - 18 мг/л, *Citrobacter freundii* 8-18 мг/л, *Sarcina ventriculi* – 14 мг/л, *Enterobacter aerogenes* – 15 мг/л, *Bacillus subtilis* – 15 мг/л H_2S . То есть, в случае отдельных штаммов аэробных микроорганизмов из растущих в середине питательного агара пептонов, факультативные анаэробные условия *Giltaya* питательных веществ – нитраты в середине окисленных обаянных в анаэробных условиях, питательные вещества – снижение сульфата в середине шторма, а также способность

вышеуказанных бактерий, нитраты и сульфаты электронов с использованием разнородного процесса нитратной обработки различными способами, в качестве акцептора.

Ключевые слова: микроорганизм, окислительно-восстановительные процессы, трансформация, ситуация в аэробных, анаэробных условиях

Study of the mechanism of participation of sulf connections in oxidative-restorative reactions in microorganisms

Summary

This article is devoted to the mechanism of participation of sulfur compounds in oxidation-reduction reactions in microorganisms. Study of bacterial reduction of sulfate to hydrogen sulphide compounds to the work of a group of authors during training for 8-12 mg/l *Escherichia coli*, *Bacillus Brevis* 2-5 mg/l, *Citrobacter freundii* – 18 mg/l, *Citrobacter freundii* 8-18 mg/l, *Sarcina ventriculi* – 14 mg/l, *Enterobacter aerogenes* – 15 mg/l, *Bacillus subtilis* – 15 mg/l H_2S . That is, in the case of individual strains of aerobic microorganisms from peptones growing in the middle of nutrient agar, facultative anaerobic conditions of *Giltaya* nutrients are nitrates in the middle of oxidized bound in anaerobic conditions, nutrients are the reduction of sulfate in the middle of the storm, and the ability of the above bacteria, nitrates and sulfates of electrons using a heterogeneous process of nitrate treatment in various ways, as an acceptor.

Key words: microorganisms, oxidation-reduction processes, transformation, situation in aerobic, anaerobic conditions

МЕТАЛЛ ҚОСЫЛЫСТАРЫН ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАТУШЫ МИКРОАҒЗАЛАРДЫҢ РӨЛ

А.К.Убайдуллаева, К.К. Байтурсинов,

А.А. Мұстафаева, Г.Н. Асанова

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ.*

Аңдатпа

Осы мақала металл қосылыстары өзгеріске ұшыратушы микроағзаларды табиғаттағы рөлін анықтау барысында алынған нәтижелерге арналған. Табиғатта элементтердің тотығу-тотықсыздану реакцияларында көп микроағзалар қатысатыны бұрыннан белгілі. Сонымен қатар олардың механизмін де білу қажет.

Авторлар тобының жұмысы барысында, 14 тәуліктен соң темір бактериялары өскен қоректік ортада қара тұнба пайда болып, оны химиялық жолмен анализ жасағанда темір фосфаты $Fe_3(PO_4)_2 \cdot 7H_2O$ екендігі анықталды, соң зерттеп отырған бактериялар үш валентті темірді аэробты жағдайда тотықтырып, анаэробты жағдайда тотықсыздандыруы байқалды, ал мышьяк қосылыстары бар ортада микроағзалар қоректік ортаға қосылған 100 мг/л арсенаттың 92 мг/л мөлшерін тотықсыздандыруы белгілі болды. Яғни, табиғатта элементтердің тотығу-тотықсыздану реакцияларында көп микроағзалар қатысып, олар металдардың ерігіштік қасиетін өзгертіп, оның табиғаттағы миграциясына өз әсерін тигізіп отырады, бұл процестердің механизмін үйрену өте маңызды, себебі қоршаған ортаны металдардың улы қосылыстарынан тазалауды реттеуде қолдануға болады.

Түйінді сөздер: микроағзалар, тотығу-тотықсыздану реакциялары, улы қосылыстар, процестер механизмі.

Табиғатта элементтердің тотығу-тотықсыздану реакцияларында көп микроағзалар қатысады. Бұл металл қоспаларының ерігіштік қасиетін өзгертіп, оның табиғаттағы миграциясына өз әсерін тигізіп отырады. Микроағзалардың көмегімен болатын бұл процестердің механизмін білу өте маңызды, себебі қоршаған ортаны ауыспалы валенттілікке ие элементтердің иондарының улы түрлерінен тазалау жолдарын реттеуде қолдануға болады [1].

Қазіргі кезге дейін ауыспалы валенттілікке ие элементтер ионы, соның ішінде Fe^{+3} , Mn^{+4} , As^{+5} , Cr^{+6} қосылыстарының тотықсыздануы микроағзалардың көмегімен болатындығы аз зерттелген. Бұл өндірістің сарқынды суларында кездесетін осы металдардың улы түрінен тотықсыздандыру арқылы зиянсыз күйде пайдалану бактериялар көмегімен жүреді. Микроағзалардың көмегімен болатын бұл процестердің механизмін білу өте маңызды. Себебі қоршаған ортаны металдардың улы элементтерінің

қоспаларынан тазалауды реттеуде қолдануға болады. Оларға темір, марганец, мышьяк, хром қосылыстары жатады. Металдарды тотықсыздандыратын бактериялар *Aeromonas*, *Bacillus*, *Clostridium*, *Pseudomonas* туыстарына жатады [2].

Темір бактерияларының ішінде Fe^{++} -ның тотығуы энергияны қабылдаумен байланысты өтетін түрлері бар. Бұл жағдайда темір оксидтерінің жиналуы энергетикалық процестердің активтігінің көрсеткіші болып қызмет атқарады. Темірді тотықсыздандыратын бактериялар қиын еритін темір оксидін оңай еритін формаларына айналдырады. Осының нәтижесінде темір оксидіндегі улы металдар бос күйіне айналады. Сонымен бірге, бұл бактериялар судың сапасын тазартып отырады [6].

Табиғаттағы темірдің айналысында микроорганизмдер басты рөл атқарады. Бұл процестер екі жолмен өтеді – гетеротрофты бактериялардың қатысуымен темірі бар органикалық қосылыстардың минералдануы және тотықсызданған (темірзакисі) және тотықсызданған темір оксидінің қосылыстарының тотығуы. Сан алуан түрлі гетеротрофты бактериялар (бактериялар, саңырауқұлақтар, актиномицеттер) темір қосылысты органикалық заттардың минералдануын жүзеге асырады [3].

Темірдің микробиологиялық жолмен тотықсыздану процесі күкіртсутегі және анаэробты гетеротрофты бактериялардың қызметі арқылы жүзеге

асады. Олар *Escherichia*, *Bacillus*, *Clostridium*, *Pseudomonas*, *Enterobacter* туыстарына жатады. Темір қосылыстарының тотықсыздануы анаэробты жағдайда нейтралды ортада рН 6-9 болғанда өтеді. Темір қосылыстарын тотықсыздандыратын бактериялар қиын еритін темір оксидін оңай еритін формаларына айналдырады. Осының нәтижесінде темір оксидіндегі улы металдар бос күйіне айналады. Сонымен бірге бұл бактериялар судың сапасын тазартып отырады [4].

Илялетдинов ж.т.б. зерттеулеріне қарағанда, *Pseudomonas stutzeri* 18 түріне жататын бактериялар темірді тек аэробты жағдайда тотықсыздандырса, ал *Citrobacter freundii* 28 бұл процесті аэроб және анаэроб жағдайда да өткізе алатындығы байқалған [9].

Темірді тотықсыздандыратын бактериялар қиын еритін темір оксидін оңай еритін формаларына айналдырады. Осының нәтижесінде темір оксидіндегі улы металдар бос күйіне айналады. Сонымен бірге бұл бактериялар судың сапасын тазартып отырады. Темірдің микробиологиялық жолмен тотықсыздану процесі күкіртсутегі және анаэробты гетеротрофты бактериялардың қызметі арқылы жүзеге асады.

Көптеген зерттеулерге қарағанда, темірді тотықсыздандыратын микроорганизмдер марганецті де тотықсыздандыратындығы байқалған [8]. Сонымен бірге *Arthrobacter*, *Fuzarium* туысына жататын бактериялар мен саңы-

рауқұлақтар темірдің оксидін $Fe(OH)_3$ түрінде тотықсыздандыруы туралы да зерттеулер бар [5].

Э. Трошановтың мәліметтеріне негізделгенде, темір және марганец қосылыстарын тотықсыздандырушы микроорганизмдер 240 мг/л екі валентті марганец пен 600 мг/л екі валентті темірді қалпына келтіргендігі белгілі болды [7].

Аэробты бактериялардың темір мен марганец қосылыстарын тотықсыздандыру процестері туралы мәліметтер белгілі.

Марганец қосылыстарының қалыптан артық мөлшері тұрақты уландыратын уытты зат ретінде әрекет етеді. Марганец оксидінің тотықсыздануы микроорганизмдердің көмегімен минерал заттардың органикалық заттардың тотығу өнімдерімен бір-біріне әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Марганецтің тотықсыздану реакциясы, қоректік ортадағы химиялық заттардың түріне, тотығу-тотықсыздану потенциалының көрсеткішіне, рН көрсеткішіне және марганецті тотықсыздандыратын микроағзалардың қызметіне байланысты [3].

Анаэробты жағдайда темір мен марганец қосылыстарының тотықсыздануында гетеротрофты бактериялар қатысады.

Мышьяк қосылыстары аз мөлшерде ауыл шаруашылығында, медицинада және малдәрігерлігі салаларында қолданылады. Мышьяк жоғары концентрацияда микроағзалар үшін зиянды бо-

лып, ол клетканың морфологиясының және клетка метаболизмінің өзгеруіне және клетканың өлуіне себепші болады. Мышьяқтың микроағзалардың көмегімен тотықсыздану реакциясы қоршаған ортаның ластану мәселесін шешуде маңызды рөл атқарады. Микроағзалар, өсімдіктер, теңіз жануарлары мышьяк қосылыстарын әр түрлі формада қабылдауының себебінен олардың ағзаларында жиналып, биосфераның жалпы ластануына алып келеді және адам ағзасына қауіп туғызады. Мышьяк өте улы элементтер қатарына жатады. Микроағзалар арсенаттар және оның улы қосылыстарын тотықсыздандыру процесінде актив рөл атқарады. Себебі қазіргі кезде мышьяк қосылыстары жәндіктерге қарсы күресетін инсектицидтер ретінде, кір жуғыш ұнтақтарға қосылатын фосфатта және түсті металдардың сарқынды суларында кездесіп отыр [4].

Кейбір өндірістің сарқынды суларында күшті улылыққа ие хромның қосылыстары кездеседі. Су қоймаларының хром мен ластануының қауіпті көздің бірі – бұл хром өндірісі болып табылады, себебі оған хром кендерінің қалдық сулары келіп түседі. Хром кендеріндегі хром қосылыстары және хромды минералдардың пайда болуынан қоршаған ортаның хром мен ластануына әкеліп соғады. Алты валентті хромның ең улы қосылыстары – бұл бихроматтар болып есептеледі. Су қоймаларының хром мен ластануының

қауіпті көздерінің бірі – хром өндірісі болып табылады, себебі оның сарқынды суларында күшті улылыққа ие хром қосылыстары кездеседі [8].

Зерттеу жұмысымызда микроағзалардың темір қосылыстарын тотықсыздандыруында темірдің мөлшерін сульфосалицил қышқылымен трилонометриялық титрлеу, арсенаттарды арсенитке тотықсыздануында мышьяқтың мөлшерін йод пен титрлеу, марганец қосылыстарының тотықсызданған мөлшерін формальдексидтік әдіс арқылы, ал, тотықсызданған хромды тұнбаға түскеннен кейін дифенилкарбазидтік әдіспен анықтадық.

Жұмыс барысында, 14 тәуліктен соң темір бактериялары өскен қоректік ортада қара тұнба пайда болып, оны химиялық жолмен анализ жасағанда темір фосфаты $Fe_3(PO_4)_2 \cdot 7H_2O$ екендігі анықталды, соң зерттеп отырған бактериялар үш валентті темірді аэробты жағдайда тотықтырып, анаэробты жағдайда тотықсыздандыруы байқалды, ал, мышьяк қосылыстары бар ортада микроағзалар қоректік ортаға қосылған 100 мг/л арсенаттың 92 мг/л мөлшерін тотықсыздырғаны белгілі болды.

Полиредуктанттық қасиетке ие гетеротрофты бактериялардың хром мен марганецті тотықсыздандыруы бұрын зерттелмеген. Бұл элементтердің тотықсыздануы тек анаэробты жағдайда өтуі байқалды. Бұл бактериялар хромды 8-10мг/л, марганецті 9мг/л ге дейін тотықсыздыра алады.

Солай етіп зерттеп отырған полиредуктантты қасиетке ие гетеротрофты бактериялар аэробты және анаэробты жағдайда темір мен мышьяк қосылыстарын өзгеріске ұшыратып, тотықтыру мен қатар тотықсыздандырса, ал, хром мен марганец қосылыстарын аталған бактериялар тек анаэробты жағдайда тотықсыздандыруы байқалды.

Қорыта келе, табиғатта элементтердің тотығу-тотықсыздану реакцияларында көп микроағзалар қатысып, олар металдардың ерігіштік қасиетін өзгертіп, оның табиғаттағы миграциясына өз әсерін тигізіп отырады, бұл процестердің механизмін үйрену өте маңызды, себебі қоршаған ортаны металдардың улы қосылыстарынан тазалауды реттеуде қолдануға болады.

Әдебиет

1. Нильсон К.Г., Майер С.Р. Марганецредуцирующие бактерии Байкала // Верещаг-Байкал. межд. конф., – Иркутск, 2008. – с. 20-21.
2. Di-Ruqqiero J., Gount A.M. Microbial manganese reduction mediated by bacterial strains isolated from aquifer sediments // Microbiol. Ecol. – 2009. – V.20. – No I. – p. 53-63.
3. Johnson D. Bacterial reduction of arsenite in sea water // Nature. – 2002. – V.240. – No.5372. – p. 44-45.
4. Трошанов Э.П. Условия, влияющие на редуцирующую активность бактерий, восстанавливающих железо и марганец в рудоносных озерах Карельского перешейка // Микробиология – 1999, №4, с. 634-643.
5. Шахобова Б.Б. Восстановление трехвалентного железа культурами грибов и актиномицет // Почвоведение – 1996, №8, с. 145-149.
6. Moody M.D., Dailey H.A. Ferric iron reductase of *Rhodopseudomonas sphaerodes*//J. Bacteriol. – 2005. – V.163. – No 3. – p.1120-1125.
7. Ottow J.C.G. Mechanisms of bacterial iron-reduction in flooded soils//Proc.Symp.Paddy Soil. – Berlin e.a., – 2001. – p.330-343.

8. Илялетдинов А.Н. Микробиологические превращения металлов. – Алма-Ата, Наука КазССР, 1984. – 266 с.

9. Илялетдинов А.Н., Абдрашитова С.А., Айткельдиева С.А., Убайдуллаева А.К. Полиредуктазная активность бактерий // Изв. Ан СССР, 1994, №2, с. 260-265.

Роль соединений металлов в микроорганизмах

Аннотация

Статья посвящена результатам, полученным при определении роли соединений металлов в микроорганизмах.

Широко известно, что многие микроорганизмы участвуют в окислительно-восстановительных реакциях в природе. Также необходимо знать их механизм.

В ходе работы группы авторов через 14 дней был проанализирован черный осадок, сформированный железобактериями, и обнаружен фосфат железа $Fe_3(PO_4)_2 \cdot 7H_2O$, затем было замечено, что исследуемые железобактерии в аэробных условиях окисляют трехвалентное железо, а в анаэробных – восстанавливают, тогда как в среде, содержащей соединения мышьяка, в питательной среде уменьшали окисление 100 мг/л арсената до 92 мг/л. То есть многие окислительно-восстановительные реакции в природе протекают с участием микроорганизмов, которые изменяют свойства растворимости металлов, что влияет на их динамику, очень важно изучить механизм этих процессов, поскольку они могут использоваться для очистки загрязненных участков окружающей среды.

The role of metal compounds in microorganisms

Summary

The article is devoted to the results obtained in determining the role of metal compounds in microorganisms.

It is widely known that many microorganisms participate in oxidation-reduction reactions in nature. It is also necessary to know their mechanism.

In the course of the work of the authors' group, a black precipitate formed by iron bacteria was analyzed after 14 days, and iron phosphate $Fe_3(PO_4)_2 \cdot 7H_2O$ was detected, then it was observed that the ferro-bacteria under study under aerobic conditions oxidize trivalent iron, and in anaerobic – restore, then as in an environment containing arsenic compounds in a nutrient medium, oxidation of 100 mg/l arsenate to 92 mg/l was reduced. That is, many oxidation-reduction reactions in nature take place with the participation of microorganisms that change the solubility properties of metals, which affects their dynamics, it is very important to study the mechanism of these processes, since they can be used for cleaning contaminated areas of the environment.

Key words: microorganisms, oxidative reactions of an oxidizer, toxic compounds, process mechanisms

УДК: 599.324.1

**ЭКОЛОГИЯ И ПОКАЗАТЕЛИ КРОВИ ДЛИННОХВОСТЫХ БЕЛОЗУБОК
CROCIDURA GULDENSTAEDTI PALLAS, 1811, В ФАУНЕ АРЦАХА**

В.Т. Айрапетян

